

# Антропология тарихына шолу

Дайындаған: Пірімжанова А.П

# **Жоспары.**

1. Антропология ұғымы


2. Антропологияның қалыптасуы туралы екі  
көзқарас

3. Антропология ғылымының бөлімдері

4. Антропологияның зерттеу аймағы, адам денесі

# Антропология ұғымы

**Антропология**



адамның шығу тегін, дамуын, дене құрылысын, нәсілдік ерекшеліктерін зерттейтін жалпы биология ғылымының қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысы бар саласы. Антропология (грекше *anthropos* – адам, *logos* – ілім) терминін алғаш рет Аристотель енгізді.

## Антропология – адам туралы ғылым.

*Антропология* (грекше *antropos* - адам) – адам туралы ғылым. Ол адамның шыққан тегін және оның барлық кезеңде бірдей даму типін зерттейді. Әрине, адам денесінің құрылысын анатомия зерттейді. Бұл ғылымдардың бір-бірінен айырмашылығы неде? Антропологтар анатомдарға қарағанда басқа тұрғыдан қарайды.

Қалыпты анатомия адамды жинақтап, «орталық» тип деңгейінде абстракты үлгі есебінде зерттейді. Антропологияда адамды салыстырмалы кең көлемде, әрбір адамның жеке әрекеттерін зерттейді: **жыныстық, жастық, конституциялық, қызметтік, этникалық және нәсілдік.** Бір қатар сұрақтар бойынша антропология, этнография және археологиямен де тығыз байланысты.

Антропология адам тарихымен байланысты, жер қоймасынан табылған заттарды зерттейді. Этнография халықтың тұрмысы мен мәдениет ерекшеліктерін, олардың шығу тегін, таралу жолдарын және мәдени тарихи қарым-қатынастарын да зерттейді.

# Антропологияның қалыптасуы туралы екі көзқарас

Антропология – табиғаттануға жатады. Бірақта биологиялық пәндер ішінде алатын орны де ерекше, себебі, адам екі қоғамның өкілі – **биологиялық және әлеуметтік**. Адам – қоғам мүшесі. Адамның, адам болып қалыптасуы және оның өмірі қоғамдық ұйымда өтеді. Еңбек пен қоғам – адамның тіршілігі мен жағдайының негізі, оған әлеуметтік тарихи жағдайлар әсер етеді.

## **Антропология ғылымы бірнеше бөлімнен тұрады.**

**Антропогенез** – жануарлар дүниесіндегі адамның алатын орны мен адамның адам болып қалыптасуын зерттейді.

**Морфология** - әрбір адам типінің өзгерісін жасқа байланысты өзгеруін, жынысқа байланысты өзгеруі, жынысқа байланысты белгілерін және тұрмыс жағдайын зерттейді.

**Этникалық антропология** - өткен дәуірден және қазіргі жер шарындағы халықтың антропологиялық құрамын, нәсілдік қалыптасуын, көшіп қону тарихын зерттейді.

**Физикалық антропология** – адамның физиологиялық және биохимиялық ерекшеліктерімен олардың әртүрлі өзгерістерін зерттейді.

# Антропологияның зерттеу аймағы, адам денесі

Ол антропологиялық және медициналық аймақ болғанымен, олар бірдей емес. Антропологиялық зерттеулер бірқатар сапалық белгілерді (**антропоскопия**) және адам денесінің сандық көрсеткіштерінің (**антропометрия**) ерекшеліктерін суреттейді. Антропологиялық әдістер арқылы морфологиялық және физиологиялық көрсеткіштерді талдайды. Антропологиялық зерттеулердің нәтижелері сот медицинасында, хирургияда т.б. практикалық медицинада өте кең және жиі қолданылады. Мысалы, киім тігуде, үй жиһаздарын дайындауда және станоктарды құрастырудың стандарттарын белгілейде де маңызы бар. Антропоскопиялық әдіс пен антропометриялық әдіс, бірін-бірі толықтырып отырады.



## Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Антропология тарихы мен теориясы [Мәтін] : оқулық / А. Барнард. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018.
2. Антропология С.Т.Нұртазин, Р.Салмырзаұлы. - Алматы, 2011
3. Ғаламтор желісі